



ТӘУЕКЕЛДІЛІК ЖӘНЕ ТАБЫСТЫЛЫҚ

Қаржы менеджментінде пайда немесе табыс табу тәуекелділікке тәуелді болады. Тәуекелділік және табыстылық бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірімен шарттасылған немесе келісілген қаржылық категориялар болып табылады.

Тәуекелділік — дегеніміз табиғат құбылысы және адамзаттың әр түрлі қызметінің өзіндік ерекшеліктерімен пайда болатын ысыраптың қауіп-қатерлі мүмкіндігі.

Қаржы менеджері үшін тәуекелділік қолайсыз нәтиже немесе қорытынды ықтималдылығы. Әр түрлі инвестициялық жобалар бойынша тәуекелділік деңгейі әр түрлі болады. Ең жоғары табысты капитал салымы немесе инвестиция жоғары деңгейдегі тәуекелділікте болуы мүмкін Сондықтан да тәуекелділіктің деңгейі әр қашанда анықталып, бағалануы қажет. Тәуекелділік экономикалық категория ретінде тәуекелділік оқиғаны іске асыру мүмкіндігінде пайда болатын немесе анықталатын үш экономикалық нәтижені көрсетеді:

The background is a dark green gradient. In the corners, there are decorative white and light green circuit-like patterns consisting of lines and circles, resembling a PCB or a network diagram.

1.Теріс нәтиже (зиян, залал)

2.Нөлдік нәтиже

3.Оң нәтиже (ұтыс, пайда).



Тәуекелділікті басқару — дегеніміз тәуекелділігі жоғары оқиғаның пайда болуын болжамдау және тәуекелділіктің дәрежесін төмендетуге бағытталған әр түрлі шаралар жиынтығы. Тәуекелділікті басқаруды ұйымдастырудың тиімділігі тәуекелділіктің классификациясына байланысты. Тәуекелділіктің жіктелуі— дегеніміз қойылған мақсатқа жету үшін тәуекелділікті әр түрлі белгілеріне байланысты топтарға бөлу. Тәуекелділіктің ғылыми дәлелденген жіктелуі әрбір тәуекелдің нысанын жалпы тәуекелділік жүйесіндегі орнын нақты анықтауға мүмкіндік береді және тәуекелділікті басқарудың әдістері мен нысандарынан тиімді қолдану мүмкіндігінен анықталады. Тәуекелділіктің әр түріне басқарудың өз әдісі қолданылуы қажет.

Нәтиже алу мүмкіндігіне байланысты тәуекелділік екі топқа бөлінеді:

-Таза тәуекелділік

-Алып сатарлық (спекулятивные риски) тәуекелділік.

-Таза тәуекелділік — дегеніміз теріс немесе нөлдік нәтиже алу мүмкіндігі. Таза тәуекелділіктің түрлері табиғи тәуекелділіктер, экологиялық, саяси, транспорттық және коммерциялық тәуекелділіктің мүліктік, өндірістік, саудалық түрлері.

-Алып сатарлық тәуекелділік — дегеніміз теріс немесе оң нәтиже алу ықтималдылығы. Алып сатарлық тәуекелділікке коммерциялық тәуекелділіктің негізгі бөлігі қаржылық тәуекелділік жатады.

The image features a dark green background with a subtle gradient. In the four corners, there are decorative elements resembling circuit board traces, consisting of thin white lines and small white circles. The central text is rendered in a bold, yellow, serif font.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ